

"Шитті мақтаны талшықты мақтаға бастапқы қайта өңдеу жөніндегі қызметті лицензиялау ережесін және оған қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 маусымдағы № 449 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 маусымдағы № 867 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 қарашадағы № 1506 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.11.29 № 1506 (алғашқы ресми жариялағанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Шитті мақтаны талшықты мақтаға бастапқы қайта өңдеу жөніндегі қызметті лицензиялау ережесін және оған қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 маусымдағы № 449 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2007 ж., № 18, 201-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы»;

1 - т а р м а қ т а :

1) тармақша алынып тасталсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген шитті мақтаны талшықты мақтаға бастапқы қайта өңдеу жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары осы қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 28 маусымдағы
№ 867 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2007 жылғы 2 маусымдағы
№ 449 қаулысымен
бекітілген

Мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары

Мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптары :

- 1) мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жүйесіне қатысуды ;
- 2) мақта қолхаттарын беру есебін ;
- 3) меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі мақта тазалау зауытының және мақта қабылдау пункттерінің болуын ;
- 4) мақта тазалау зауытында :
кемінде бір мақта қабылдау пунктінің ;
шитті мақтаны талшықты мақтаға бастапқы қайта өңдеу жөніндегі технологиялық операцияларды жүзеге асыруға арналған жабдықтың ;
таразы жабдығының ;
желдету жабдығының ;
тиеу-түсіру тетіктерінің ;
мақтаның сапасын анықтауға арналған өндірістік-технологиялық зертхананың ;
мақтаны сақтауға арналған арнайы бөлінген орынның болуын ;
- 5) мақта тазалау зауыты тұрған жерден тыс орналасқан мақта қабылдау пунктінде :
шитті мақтаны жинақтауға және сақтауға арналған ашық (жабық) алаңның ;
таразы жабдығының ;
сынамаларды іріктеуге және шитті мақтаның сапасын анықтауға арналған зертханалық жабдықтың ;
тиеу-түсіру тетіктерінің болуын ;

б) мақта тазалау зауытында, сондай-ақ мақта тазалау зауыты орналасқан орыннан тыс жердегі мақта қабылдау пунктінде өткізу режимінің болуын;

7) тиісті білімі бар (басшылар үшін – жоғары техникалық немесе технологиялық білім, мамандар үшін – техникалық және кәсіптік (техникалық немесе технологиялық) білім)* техникалық басшылар мен мамандардың білікті құрамының болуын қамтиды.

Мақта тазалау зауытының, сондай-ақ мақта тазалау зауыты тұрған жерден тыс орналасқан мақта қабылдау пунктінің аумағы қоршалуға тиіс.

Ескертпе: *тиісті білімнің болуы диплом көшірмесімен расталады (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда нотариус куәландырған).